



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҮСҚАУ

ЖН-03-24

ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SILLABUS) ЖАСАЛУЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

АЛҒЫ СӨЗ

1. ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Байнеева П.Т.
– Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы Ким И.С.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 23 қараша 2024 № 5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2024
6. Тексерілу мерзімі – 2026

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2024

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) - оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, әдебиеттер тізімін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы.

Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) негізгі міндеттерін, жауапкершілігін, орындалу уақытын, т.б.көрсетіп, қызмет түрін атқаруға қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжат (Үлгі 1).

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ-ң құрылым басшылары, кафедра меңгерушілері, пән оқытушылары, мамандар және қызметкерлер аталған құжаттарды дайындағанда ҚР оқу-әдістемелік нормативтік-құқық құжаттарын, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және осы жұмыс нұсқауын жетекшілікке алуға міндетті.

Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ-ң СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

2 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SILLABUS) МӘТІНІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) мәтіні қысқа, дәл, тиісті қолданыс саласында қызмет түрін атқаруға қажетті және жеткілікті болуы керек.

2.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының титулдық бетінде университет, факультет, кафедра атаулары; ББ коды, атауы; пәннің коды, атауы; оқу түрі; курс; семестр; кредит саны; сағат саны; дәріс сағаттары; практикалық/семинар/зертханалық сабақтардың сағаттары; ОСӨЖ сағаттары; СӨЖ сағаттары; курстық жұмыс (жұмыс оқу жоспарында қарастырылса); межелік бақылау апталары; қорытынды бақылау формасы; оқытушы туралы қысқаша мәліметтер (аты-жөні, кеңес беру уақыты, орны, байланыс тел., e-mail) беріледі.

2.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Syllabus) болуы тиіс:

- Пәннің сипаттамасы;
- Оқыту әдістері және технологиялары, оқытуға жетекшілік ету;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;
- Дәріс тақырыптары;
- Практикалық/семинар сабақтардың тақырыптары;
- ОСӨЖ тапсырмалары;
- СӨЖ тапсырмалары;
- Пайдаланатын әдебиеттер мен web сайттар тізімі;
- Білім алушының білімін бағалау саясаты
- Білім алушыға қойылатын талаптар.

2.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Syllabus):

- ауызекі сөз айналымын пайдалануға болмайды;
- түсініктің мағынасы анық жазылуы тиіс.

3 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН (SILLABUS) ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСІЛУ ЖӘНЕ БЕКІТІЛУ ТӘРТІБІ

3.1 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (Syllabus) кафедраның пән оқытушысы дайындайды, кафедра мәжілісінде талқыланады және кафедра меңгерушісі қол қояды.

3.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (Syllabus) факультет деканы бекітеді.

3.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) кафедрада пәннің оқу-әдістемелік кешенінде сақталады.

3.4 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) электронды нұсқасы университеттің «Платонус» ААЖ-гі «ОӘК» бөліміне енгізіледі.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 3-беті

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 3-беті

4 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНА (SILLABUS) ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

4.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) өзгерістер кафедра меңгерушісінің көрсетуімен енгізіледі. Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) өзгертулер енгізу тәртібі жұмыс нұсқауларын келісілу тәртібімен бірдей.

4.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) енгізілген өзгертулер негізгі мәтінмен бірге кафедрада сақталады.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) мазмұнына оны дайындаған пән оқытушысы, кафедра меңгерушісі жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы

Байнесва П.Т.

Ким И.С.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 4-беті

Жұмыс нұсқаудың жазбалары:

1. Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) Ф.ЖН-03.01

Қосымша 1. Ф.ЖН-03.01

«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» АҚ

«_____» факультеті

«_____» кафедрасы

Бекітемін
Факультет деканы

(қолы) (аты-жөні)
_____ 20__ жыл

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

Пәннің коды, атауы: _____

Білім беру бағдарламасының шифры, атауы: _____

Оқу түрі: _____

Курс:

Семестр:

Кредит саны:

Сағат саны:

Дәріс:

Практикалық/семинар/зертханалық сабақ:

ОСӨЖ:

СӨЖ:

Межелік бақылау (МБ): 7, 15 апталар

Қорытынды бақылау: (ауызша, жазбаша, тест)

Оқытушы туралы қысқаша мәліметтер
(аты-жөні, кеңес беру уақыты, орны,
байланыс тел., e-mail)

Шымкент, 20__

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 5-беті

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген 6B04102-Қаржы білім беру бағдарламасы және жұмыс оқу жоспары негізінде дайындалған.

Құрастырған(дар): _____

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) «Экономика және құқық» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, факультет кеңесіне бекітуге ұсынылды.

№__ хаттама, __ _____ 20__ жыл

Кафедра меңгерушісі, (ғылыми дәрежесі мен атағы) _____
(қолы) (аты-жөні)

1. Пәннің сипаттамасы

Пәннің мақсаты	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің міндеттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің қысқаша сипаттамасы	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің пререквизиттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің постреквизиттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН)	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады

2. Оқыту әдістері және технологиялары, оқытуға жетекшілік ету

Дәрістер	Проблемалық дәріс, алдына ала жоспарланған қателіктермен дәріс, бейне-дәріс, тренингтер, қонақ дәрісі, вебинарлар, бейнеконференциялар, интер белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы дәріс, дискуссиялар, университеттің ПОҚ және ҚР жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік жоғары оқу орындары әзірлеген ЖАОК*, жаңартылған оқыту үрдісіне байланысты «CLIL» - Үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың әдісін қолдану арқылы дәріс және т.б.
Практикалық сабақтар	стартаптарды, жобаларды әзірлеумен практикалық-бағдарланған тәсіл, практикалық жағдайларды талдау (case-study), виртуалды практикалық тапсырмаларды орындау, Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялар арқылы орындалатын тапсырмалар және т.б.
Зертханалық сабақтар	эксперименттік, виртуалды зертханалық жұмыс, зертханалық жұмысты топпен орындау
ОСӨЖ, СӨЖ тапсырмалары	төңкерілген сынып, есептерді шешу, бақылау жұмыстарын орындау, глоссарий, эссе, реферат, портфолио жазу, презентациялар дайындау, коллоквиумдарды тапсыру, ауызша сұрау жүргізу, жазбаша жұмыстарды қорғау, тест тапсырмаларын орындау және т.б.

Ескерту: Университет білім беру бағдарламасының пәндері бойынша сертификатпен расталған ЖАОК оқу нәтижелерін есепке алу рәсімі қаралатын бейресми оқыту нәтижелерін қайта есептеудің өзіндік қағидаларын әзірлеуді көздейді.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету*

3.1. Университетте ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту бойынша

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 6-беті

қолайлы жағдайлар жасалған

3.2. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы жеке-дифференциалды көзқарас қарастырылған.

3.2. Сабақтардың барлық түрлеріне жеке дифференциалды көзқарас қарастырылған.

* **Ескерту:** тапсырманың барлық түрін тапсыруға және студенттің таңдауы бойынша бақылауға болады.

4. Дәріс тақырыптары

№	Апта реті	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Сабақ өту формасы	Әдебиеттер
1–модуль (атауы)					
1	1-апта		1	Дәріс-дискуссия	НӨ: 1,5,7,11,12 ҚӘ: 2,6,7
2	2-апта		1	Дәріс-пресс-конференция	НӨ: 6,10,11 ҚӘ: 2,3,4,7
....		1	Алдын-ала жоспарланған қателіктермен дәріс	НӨ: 6,10,11 ҚӘ: 2,3,5
2–модуль (атауы)					
....	8-апта		1	Нақты жағдайды талдау дәрісі	НӨ: 10,13 ҚӘ: 3,5,6,7
.....		1	Дәріс-дискуссия	НӨ: 1,5,7,11,12 ҚӘ: 2,6,7
Барлығы			15		

5. Практикалық/семинар/зертханалық сабақтардың тақырыптары

№	Апта реті	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Сабақ өту формасы	Әдебиеттер	Телекоммуникациялық құралдар, электронды ресурстар
1–модуль (атауы)						
1	1-апта		1	зерттеу жүргізу	НӨ: 1,5,7,11 ҚӘ: 2,3,6	http://rmebrk.kz/book/612
2	2-апта		1	практикалық жағдайларды талдау	НӨ: 3,7,9,12 ҚӘ: 1,4,6,7	http://80.241.36.163:8080
2–модуль (атауы)						
....	8-апта		1	дискуссия	НӨ: 2,6,8,13 ҚӘ: 3,4,7	https://lib.tashenov.edu.kz/
.....		1	топтық жоба	НӨ: 2,6,7,10 ҚӘ: 3,4,5	

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 7-беті

			дайындау	
Барлығы	15			

6. ОСӨЖ тапсырмалары

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	ОСӨЖ тапсырмалары	Оқыту нәтижелеріне жету жолдары	Тапсыру мерзімі
1-модуль (атауы)					
1	3	Коллоквиум сұрақтарына дайындалу, баяндама дайындау	Коллоквиум тапсыру, Баяндама қорғау	3-апта
2	3	Портфолионы дайындау	(Презентация, кейс/ бағдарлама) портфолио	5-апта
3	3	Кейс дайындау, коллоквиум, ауызша/жазбаша сауалнама дайындау	Кейс презентациясы, коллоквиумды тапсыру, ауызша/жазбаша сауалнама жүргізу	6-апта
2-модуль (атауы)					
4	3	Глоссарий құрастыру, Шолу мақаласын дайындау және жазу	Глоссарий орындау, Мақала қорғау	10-апта
5	3	Эссе дайындау, Реферат жазу	Эссе, реферат қорғау	12-апта
6	3	Топтық жоба дайындау	Топтық жобаны қорғау	14-апта
Барлығы		15			

7. СӨЖ тапсырмалары

№	Тапсырма атауы	Тапсыру мерзімі
1-модуль (атауы)		
1	1-3 тақырыптар бойынша көлемі 10-12 бет реферат /баяндама жазу. Қорғау 2-3мин	3-апта
2	4-7 тақырыптар бойынша презентация дайындау және өткізу/ шолу мақаласын жазу	5-апта

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 8-беті

3	8-14 тақырып бойынша кейс-стади, бағдарлама әзірлеу/ портфолио	6-апта
2–модуль (атауы)		
4	10-апта
5	12-апта
6	14-апта

Ескерту: СӨЖ тапсырмаларын орындау бойынша нұсқаулық беріледі.

8. ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН WEB САЙТТАР ТІЗІМІ

Негізгі.

1.....

2.....

Қосымша.

1.....

2.....

9. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

9.1. Студенттердің білімін бақылау мен бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды терең және берік игеру - сабақтың барлық түрлері бойынша толық, дәйекті, сауатты және логикалық баяндалған жауаптар; - қойылған міндеттерді еркін шеше білу; - дұрыс, негізделген қабылданған шешімдер, - пәнді оқу кезінде негізгі және қосымша арнайы әдебиеттердің ақпаратын пайдалану дағдылары, - бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелеу қабілеті; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындаудың жан-жақты дағдылары мен тәсілдерін меңгеру; - шетелдік әдебиеттермен және интернеттің ақпараттық ресурстарымен жұмыс істей білу; - тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы және сапалы орындау.
A-	3,67	90-94		<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды терең меңгеру; - сабақтың барлық түрлері бойынша толық, дәйекті және логикалық баяндалатын жауаптар; - қойылған міндеттерді шеше білу; - дұрыс қабылданған шешімдер, - пәнді оқу кезінде арнайы әдебиетті пайдалану дағдылары, - бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелеу қабілеті; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдылары мен тәсілдерін меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы орындау.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 9-беті

жақсы	B+	3,33	85-89	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды игеру; - толық, дәйекті, сауатты, Елеулі дәлсіздіктерсіз, тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптарды баяндау; - теориялық білімді дұрыс қолдану - қолданбалы тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгеру - пәнді оқу кезінде ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары, - бағдарламалық материалды жүйелеу дағдысы; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдылары мен тәсілдерін меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы орындау.
	B	3,0	80-84	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды игеру; - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптарды елеусіз қателермен дәйектілікпен баяндау; - оқытушының жетекшілігімен теориялық білімді қолдану дағдылары; - практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгеру - пәнді оқу кезінде ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары, - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды жүйелеу дағдысы; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдыларын меңгеру; - жіберілген қателерді өздігінен түзету қабілеті; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы орындау.
	B-	2,67	75-79	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды игеру; - маңызды емес қателермен жауаптарды жеткізе білу; - оқытушының жетекшілігімен теориялық білімді қолдану дағдылары; - практикалық тапсырмаларды орындау кезінде тәсілдерді меңгеру - оқытушының жетекшілігімен ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды жинақтау дағдысы; - мұғалімнің көмегімен жіберілген қателерді түзету мүмкіндігі; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін уақытылы орындау.
	C+	2,33	70-74	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі материалды меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптар кезінде дұрыс тұжырымдау жеткіліксіз; - бағдарламалық материалды баяндаудағы бірізділіктің бұзылуы;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 10-беті

				<ul style="list-style-type: none"> - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы қиындықтар; - практикалық тапсырмаларды орындау кезінде жеке әдістерді меңгеру - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдалану дағдылары; - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалдың жеке бөлімдерін жалпылау дағдылары; - мұғалімнің көмегімен жіберілген қателіктерді түзету мүмкіндігі; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін орындау.
С	2,0	65-69	қанағаттанарлық	<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі материалды меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптар кезінде тұжырымдарды жеткіліксіз түсіну; - материалды баяндауда бірізділіктің болмауы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы қиындықтар; - тапсырмаларды орындау кезінде жеке әдістерді меңгеру - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдаланудағы қиындықтар; - зерттелген материалдың жекелеген бөлімдерін жалпылау кезіндегі қиындықтар; - мұғалімнің көмегімен жіберілген қателіктерді түзету мүмкіндігі; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін орындау.
С-	1,67	60-64		<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі материалды меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптар кезінде тұжырымдарды жеткіліксіз түсіну; - материалды баяндауда бірізділіктің болмауы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы елеулі қиындықтар; - тапсырмаларды орындау кезінде жеке әдістерді жеткіліксіз меңгеру - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдаланудағы елеулі қиындықтар; - зерттелген материалдың жеке бөлімдерін жалпылаудағы маңызды қиындықтар; - мұғалімнің көмегімен жіберілген қателіктерді түзету мүмкіндігі; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін орындау.
Д+	1,33	55-59		<p>Білім алушы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі материалдың жеке бөлімдерін меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптар кезінде тұжырымдарды түсінбеушілік; - материалды баяндауда бірізділіктің болмауы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы елеулі қиындықтар; - тапсырмаларды орындаудың жекелеген тәсілдерін

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 11-беті

			канағаттанарсыз	қолдану кезіндегі елеулі қиындықтар; - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдаланудағы елеулі қиындықтар; - зерттелген материалдың жеке бөлімдерін жалпылаудағы маңызды қиындықтар; - оқытушы көрсеткен өрескел қателерді түзету кезіндегі қиындықтар; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін уақтылы орындамау.
Д	1,0	50-54		Білім алушы көрсетеді: - негізгі материалдың жеке бөлімдерін меңгерудегі қиындықтар; - материалды баяндауда бірізділіктің болмауы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы елеулі қиындықтар; - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдаланудағы елеулі қиындықтар; - зерттелген материалдың жеке бөлімдерін жалпылау мүмкін еместігі; - оқытушы көрсеткен өрескел қателерді түзетудегі елеулі қиындықтар;
FX	0,5	25-49		Білім алушы көрсетеді: - тапсырмалардың барлық түрлері бойынша жауаптар кезінде тұжырымдарды түсінбеушілік; - тапсырмаларды орындаудың жекелеген тәсілдерін қолдана алмау; - жіберілген қателерді жоя отырып, тапсырмалардың барлық түрлерін уақтылы орындамау.
F	0	0-24	Білім алушы көрсетеді: - бағдарламалық материалды білмеу, - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау кезінде өрескел қателіктер жіберіледі; - тапсырмаларды орындаудың жекелеген тәсілдерін қолдану дағдыларының болмауы; - ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау нысандарында көзделген тапсырмаларды орындамау.	

9.2 Ағымдық бақылау оқу үрдісінде студенттің білімін, оның аудиториялық сабақтардағы белсенділігі мен өздік жұмыстарын уақтылы орындауын жүйелі тексеруге бағытталған. Әрі студенттің семестр бойындағы жалпы жұмысын, яғни практикалық сабақтарға қатысуын (семинар), ОСӨЖ жұмыстарын орындауын, ағымдық бақылауларды тапсыруын, шығармашылық белсенділігін, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағалау жүргізіледі. Ағымдық бақылау пән оқытушымен жүргізіледі.

9.3 ОСӨЖ(СӨЖ) тапсырмалары және оларды орындауға қойылатын талаптары мен бағалау критерийлері «Platonus» жүйесіне енгізілген.

9.4 Оқытушы бір семестр бойы барлық білім алушылар үшін семестр бойы оқылатын пәндерден екі міндетті межелік бақылауды келесі мерзімдерде өткізеді: бірінші межелік бақылауды – 7 (жетінші) аптада және екінші межелік бақылауды – 15 (он бесінші) аптада.

9.5 Бағалау тәртібі: әрбір межелік бақылау апталығына дейін профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, зертхана, семинар, ОСӨЖ, СӨЖ және т.б. сабақтарында бағалап, орта арифметикалық қосындысын 3, 5, 6, 10, 12, 14 апталарда «Platonus» жүйесіне енгізіп отырады.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 12-беті

Жұмыстарды тапсыру кестесі

Апталар/ Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	Σ	7	8	9	10	11	12	13	14	Σ	15	
Дәрістегі белсенділігі			100		100	100					100		100		100			
Семинар (практ) сабақтағы белсенділігі			100		100	100					100		100		100			
ОСӨЖ тапсырмалары			100		100	100					100		100		100			
СӨЖ тапсырмалары			100		100	100					100		100		100			
АБ 1,2			100		100	100	АБО 1 ≤100				100		100		100	АБО 2 ≤100		
МБ 1,2								МБ1 ≤ 100									МБ2 ≤ 100	
Е																		Е≤ 100
ҚБ																		

Ескерту: Ағымдық бақылаудың келтірілген әрбір түрі бойынша максималды баға кестеде көрсетілген апталарда қойылады.

Межелік бақылау: 7-ші және 15 аптада өтетін тест(ауызша, жазбаша)

Қорытынды емтихан: емтихан сессиясы кезеңінде

Ағымдық бақылаудың орташа пайызы (АБО1,2) – 30 %

Межелік бақылау (МБ1,2) – 30%

Қорытынды емтихан (Е) – 40%

Жалпы: 100%

Қорытынды баға төменде көрсетілген формуламен есептеледі:

$$\text{Қорытынды баға (ҚБ)} = (\text{АБО1} + \text{МБ1} + \text{АБО2} + \text{МБ2}) / 4 * 0,6 + (\text{Е} * 0,4)$$

Бұл жерде:

АБ	Ағымдық бақылау
АБО 1 -	3,5,6 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы
МБ1 -	1-7 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (бірінші межелік бақылау) нәтижесі
АБО 2 -	10,12,14 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы
МБ2 –	8-15 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (екінші межелік бақылау) нәтижесі
Е -	Емтихан бағасы
ҚБ -	Қорытынды баға

Ескерту: Сессияға оқу ақысын толық төлеген, сабаққа 75% -дан жоғары қатысқан, ағымдық және межелік бақылаулардан кемінде 25 балл жинаған студенттер жіберіледі.

Назар аударыңыздар: Барлық тапсырма түрлерін орындау және тапсыру барысында, сонымен бірге межелік бақылау мен емтихан тапсырған кезде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау қажет. Межелік бақылау мен емтихан кезінде барлық ақпараттық, есептегіш құралдарды пайдалануға немесе басқа студентпен сөйлесуге, көшіруге тыйым салынады. Бұл

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		13 беттің 13-беті

талап орындалмаған жағдайда емтихан тапсыру тоқтатылып, акт толтырылады. Акт толтырылған студенттер академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін факультет декандары шара қолданады. Егерде студент емтихан барысында академиялық адалдық қағидаттарын өрескел бұзған жағдайда оқудан шығару мәселесі қаралады.

Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. Бұл ретте емтихан сессиясы барысында факультет деканының рұқсатымен студент емтиханды жеке кесте бойынша тапсырады.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

Үшінші рет «қанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты «қанағаттанарлықсыз» бағасын алуына қарамастан университеттен оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады.

Курстан курсқа көшу GPA (Grade Point Average) балын жинаған студент келесі курсқа көшіріледі: 1 курстан 1,5; 2 курстан – 1,8; 3 курстан – 2,00; 4 курстан-2,33.

10. БІЛІМ АЛУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Сабақты жібермеу және кешікпеу керек, науқастыққа байланысты сабақтан қалған жағдайда деканатқа анықтама әкелу керек.

10.2 Сабақ кезінде әңгімелеспеу, ұялы телефонды және басқа да коммуникация құралдарын пайдаланбау керек.

10.3 Сабаққа іскер киіммен келу керек.

10.4 Мәдениетті болу керек, басқалардың көзқарасын сыйлау қажет және қарсылығыңыз болса оны әдепті түрде айту керек.

10.5 Тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі.

10.6 Аралық және қорытынды бақылау кезінде көшіру, басқа студент үшін емтихан тапсыру қатаң айыпталады.

Ескерту: Дәрістер мен практикалық сабақтарға қатысып, белсенділік көрсету сіздің міндетіңіз және ол қорытынды бағаның негізгі құраушы болып табылады. Сабаққа қатыспау сіздің үлгеріміңізге және қорытынды бағаға әсер етуі мүмкін. Тек сабаққа қатысып отыру баллдың көбеюіне өзінен-өзі әсер ете алмайды, сондықтан сабақта үнемі сіздің белсенділігіңіз қажет. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды тек қана семинар сабақтарына дайындалғанда ғана емес, сонымен қатар тиесілі дәріс сабағының алдында да қарап, танысу қажет. Бұндай дайындық сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және сіздің белсенділік танытуыңызға әсерін тигізеді.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ЖН-03-24
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		14 беттің 14-беті

11. Пән саясаты және академиялық адалдық талаптары

Пәнді оқу барысында білім алушы оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындау кезінде академиялық адалдық, дербестік, адалдық және жауапкершілік қағидаттарын сақтауға міндетті. Бұл талаптар практикалық тапсырмаларға, өзіндік жұмыстарға, жобаларға, жазбаша жұмыстарға, тесттерге, емтихандарға және бақылаудың өзге де түрлеріне қолданылады.

Оқытушы білім алушыларға мынадай талаптар қояды:

11.1 Жұмыстарды өз бетінше орындау.

Барлық жеке тапсырмалар білім алушының өз бетінше орындауы арқылы дайындалуы тиіс. Басқа адамның жұмысын пайдалану, дереккөзге сілтеме жасамай материалдарды толық немесе ішінара көшіру, өз жұмысын басқа білім алушыға көшіру үшін беру рұқсат етілмейді.

11.2 Дереккөздерді дұрыс пайдалану.

Оқу, ғылыми, интернет әдебиеттерін, статистикалық деректерді, суреттерді, кестелерді, презентацияларды және өзге де материалдарды пайдаланған жағдайда білім алушы дереккөздерді оқытушы белгілеген немесе жоғары оқу орнының ішкі ережелерінде көзделген талаптарға сәйкес көрсетуге міндетті.

11.3 Академиялық адалдыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу.

Академиялық адалдықты бұзуға плагиат, көшіру, жалғандық жасау, деректерді бұрмалау, бақылау кезінде тыйым салынған материалдарды пайдалану, басқа білім алушының орнына жұмыс орындау, дайын жұмыстарды сатып алу, электрондық құрылғыларды заңсыз пайдалану, сондай-ақ объективті емес академиялық баға алуға бағытталған өзге де әрекеттер жатады.

11.4 Цифрлық құралдар мен жасанды интеллектіні пайдалану.

Цифрлық сервистерді, аудармашыларды, генеративті жасанды интеллект құралдарын және өзге де көмекші ресурстарды пайдалану оқытушы тікелей рұқсат берген жағдайларда ғана мүмкін. Мұндай құралдар пайдаланылған жағдайда білім алушы көрсетілген көмектің сипаты мен көлемін міндетті түрде көрсетуі тиіс. Автоматты түрде жасалған мәтінді, есептеулерді немесе идеяларды оларды пайдалану фактісін көрсетпей, толықтай өз жұмысы ретінде ұсыну академиялық адалдықты бұзу болып саналады.

11.5 Тапсырмаларды орындау мерзімдері мен талаптарын сақтау. Білім алушы тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындауға, жұмыстың көлеміне, құрылымына, рәсімделуіне және тапсыру тәсіліне қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Белгіленген талаптарды бұза отырып ұсынылған жұмыстар қайта өңдеуге қайтарылуы, бағасы төмендетілуі немесе пән саясатына сәйкес қабылданбауы мүмкін.

11.6 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік. Академиялық адалдықты бұзу фактісі анықталған жағдайда оқытушы силлабуста және жоғары оқу орнының ішкі құжаттарында көзделген шараларды қолдануға құқылы. Мұндай шараларға бағаны төмендету, тиісті тапсырма үшін нөл балл қою, жұмысты қосымша тексеруге жіберу, ауызша қорғауды талап ету, тапсырманы қайта орындау немесе материалдарды академиялық адалдық жөніндегі уәкілетті бөлімшеге/комиссияға жолдау жатады.

Білім алушының хабардар болуы. Осы силлабуспен танысу білім алушының пән талаптарын, бағалау критерийлерін, тапсырмаларды орындау ережелерін және академиялық адалдық қағидаттарын бұзудың салдарын түсінетінін білдіреді.